



БҰЙРЫҚ

2025 жылдың 23 маусымы
Астана қаласы

ПРИКАЗ

№ 319
город Астана

**Микробіліктілік бағдарламаларын
әзірлеу, іске асыру және тану
жөніндегі әдістемелік
ұсынымдарды бекіту туралы**

«Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 19 тамыздағы № 580 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі туралы ереженің 7-тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған Микробіліктілік бағдарламаларын әзірлеу, іске асыру және тану жөніндегі әдістемелік ұсынымдар бекітілсін.
2. Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім комитеті осы бұйрықты жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының назарына жеткізсін.
3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім вице-министріне жүктелсін.
4. Осы бұйрық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Министр



С. Нұрбек

Қазақстан Республикасы
Ғылым және жоғары білім
министрінің

2025 жылғы «23» сәуірі
№ 319 бұйрығына қосымша

Микробіліктілік бағдарламаларын әзірлеу, іске асыру және тану жөніндегі әдістемелік ұсынымдар

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Микробіліктілік бағдарламаларын әзірлеу, іске асыру және тану жөніндегі әдістемелік ұсынымдар (бұдан әрі – Әдістемелік ұсынымдар) жоғары және/немесе жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары үшін (бұдан әрі – ЖЖОКБҰ) әзірленді және ЖЖОКБҰ-ның микробіліктілік бағдарламаларын іске асыруға арналған.

Әдістемелік ұсынымдар ұсынымдық сипатта болады.

2. Әдістемелік ұсынымдарда мынандай терминдер мен анықтамалар пайдаланылады:

1) Еуропалық трансферт (аудару) және кредиттер жинақтау жүйесі (ECTS (еситиэс)) – студенттің шетелде алған кредиттерін өзінің білім беру ұйымына оралғаннан кейін олардың дәреже алуы үшін есептелетін кредиттерге аудару, сондай-ақ білім беру бағдарламалары шеңберінде кредиттер жинақтау тәсілі;

2) кеңейтілетін дәрежелер (Stackable degree (стакэбл дегри)) – әртүрлі салалардан немесе кәсіби қызметтің салаларынан формальды және формальды емес білім арқылы алынған дағдылар мен құзыреттер жиынтығы;

3) микробіліктілік – қысқа мерзімді оқыту кезеңінде алынған кәсіптік стандарт бойынша (немесе тиісті кәсіп шеңберінде) бір жеке еңбек функциясын орындау үшін жеткілікті білім, дағдылар мен құзыреттер көлемі.

3. Әдістемелік ұсынымдардың мақсаты еңбек нарығының талаптары мен қазіргі заманғы білім беру тенденцияларын ескере отырып, нақты еңбек функцияларына және кәсіби стандарттарға бағытталған микробіліктілік бағдарламаларын іс жүзінде іске асыруды қамтамасыз ету болып табылады.

Әдістемелік ұсынымдардың негізгі міндеттеріне мыналар жатады:

1) оқытудың құрылымын, мазмұнын және нәтижелерін айқындауды қоса алғанда, микробіліктілік бағдарламаларын құру мен іске асырудың әдістемелік және ұйымдастырушылық негіздерін белгілеу;

2) микробіліктілік бағдарламаларын еңбек нарығының ағымдағы талаптарына және бекітілген кәсіби стандарттарға сәйкестендіруді қамтамасыз ету;

3) микробіліктіліктерді жинақтау және біріктіру арқылы икемді және дараланған оқыту жолдарын қолдау (Stackable degree (стакэбл дегри));

4) микробіліктілік бағдарламаларын іске асыру тиімділігін бағалау өлшемшарттарын айқындау арқылы қысқа мерзімді білім беру сапасын арттыру;

5) ұлттық және халықаралық деңгейде алынған біліктіліктердің салыстырмалылығын және танылуын қамтамасыз ету үшін Ұлттық біліктілік шеңберіне және Еуропалық ұпайларды аудару және жинақтау жүйесіне (ECTS) микробіліктіліктерді біріктіруге жәрдемдесу.

4. Микробіліктілік бағдарламаларын іске асыратын ЖЖОКБҰ-ға білім беру бағдарламаларын ішкі сапаны қамтамасыз ету стандарттарына енгізу ұсынылады. Бұл стандарттар мынандай ережелерді көрсетеді:

1) бағдарламалар ішкі сараптама рәсімінен өтеді, оның барысында олардың мазмұнының, мақсаттары мен күтілетін оқу нәтижелерінің белгіленген стандарттарға сәйкестігі бағаланады. Бағдарламаларды тиісті алқалы орган (ғылыми немесе әдістемелік кеңес) бекітеді;

2) білім алушылардың ағымдағы бақылау, аралық және қорытынды бағалау жүйелерін енгізу ұсынылады. Бағалау әдістері әрбір бағдарлама бойынша анықталған өлшемшарттарға сәйкес әзірленеді және қол жеткізілген оқу нәтижелерін бағалауға бейімделеді;

3) білім алушылар мен жұмыс берушілерден үнемі кері байланыс алу оның өзектілігі, сұранысы және тиімділігі тұрғысынан бағдарламаның сапасын бағалауға мүмкіндік береді. Кері байланыс негізінде өзгерістер енгізу бағдарламаны жоғары деңгейде қолдауға көмектеседі;

4) тәжірибемен, соңғы кәсіби әзірлемелермен алмасу және бағдарламаның мазмұнын еңбек нарығының жаңа талаптарына бейімдеу мақсатында оқытушылардың кәсіби біліктілігін жүйелі түрде арттыру және тәжірибелі мамандарды тарту қамтамасыз етіледі.

5. Микробіліктілік бағдарламаларының сапасын қамтамасыз ету кезінде мынандай негізгі принциптерді ұстану ұсынылады:

1) микробіліктілік бағдарламалары қолданыстағы кәсіби стандарттар мен жұмыс берушінің талаптарын ескере отырып әзірленеді;

2) түлектерді тиісті дағдылармен қамтамасыз ету мақсатында кәсіби орта мен технологиялардың өзгеруіне сәйкес микробіліктілік бағдарламаларының мазмұны жаңартылады;

3) микробіліктілік бағдарламасы оқытудың икемді түрлерін (бетпе-бет, онлайн, қашықтықтан оқыту) ұсынады, бұл оларды әртүрлі санаттағы, соның ішінде оқуды жұмыспен ұштастыратын білім алушыларға да қолжетімді етеді.

2-тарау. Микробіліктілік бағдарламаларын әзірлеуді және іске асыруды ұйымдастыру

6. ЖЖОКБҰ-ға жұмыс берушілермен бірлесіп микробіліктілік бағдарламаларын әзірлеу ұсынылады. Микробіліктілік бағдарламаларын әзірлеу және жаңарту жөніндегі қызметті білім беру бағдарламаларының мазмұнына жауапты жұмыс істеп тұрған комитеттер (немесе басқа құрылымдар) шеңберінде институттандыру ұсынылады.

7. ЖЖОКБҰ-ның көрсетілген әдістерін іске асыру үшін осы Әдістемелік ұсынымдардың қосымшасына сәйкес микробіліктілік білім беру бағдарламаларын тізілімге енгізу үшін өтінім беру ұсынылады.

8. ЖЖОКБҰ жүзеге асыратын микробіліктілік бағдарламаларын негізгі білім беру бағдарламаларының құрамына кірмейтін, сондай-ақ модульдер немесе оқу бірліктері форматындағы қолданыстағы білім беру бағдарламаларына біріктірілген дербес, дербес білім беру өнімдері ретінде әзірлеу ұсынылады. Іске асыру нысаны оқу нәтижелерін тануға қойылатын мақсатты нұсқаулармен, мазмұндық бағытпен және талаптармен анықталады.

9. Микробіліктілік бағдарламасының құрылымына берілетін микробіліктіліктің атауы, мақсаты, атауы, мазмұны (оқу жоспары), академиялық кредиттердегі және/немесе сағаттардағы оқу жүктемесі, оқыту мен оқудың стратегиялары мен әдістері кіреді.

10. Белгіленген жүктемеге байланысты микробіліктілік бағдарламаларын бір немесе бірнеше пәндерден, курстардан немесе модульдерден қалыптастыру ұсынылады. Ұсынылатын ең аз көлем – бір академиялық кредит.

11. Микробіліктілік бағдарламасы мазмұнының сапасын қамтамасыз ету үшін оның ішкі және сыртқы бағалауы жүргізіледі. ЖЖОКБҰ-ға бағдарлама мазмұнының сапасына ішкі бағалауды, ал сырттай бағалауды ЖЖОКБҰ қызметкерлері болып табылмайтын және тиісті біліктілігі, кәсіптік салада тәжірибесі және (немесе) білім беру бағдарламаларын бағалау саласында тәжірибесі бар жұмыс берушілердің өкілдері мен сарапшылардың жүргізуі ұсынылады.

12. Көрсетілген ЖЖОКБҰ-ның білім алушылары, басқа ЖЖОКБҰ-ның білім алушылары, сондай-ақ үшінші тарап ұйымдарының қызметкерлері үшін шарттық міндеттемелер негізінде ЖЖОКБҰ-на микробіліктілік бағдарламаларын енгізу ұсынылады.

Микробіліктілік бағдарламалары ЖЖОКБҰ жүйесінде:

1) оқыту нәтижелері сәйкес болған жағдайда ЖЖОКБҰ білім беру бағдарламаларын оқу жоспарларына енгізеді. Мұндай жағдайда микробіліктілік бағдарламалары базалық немесе мамандандырылған пәндер цикліне енгізіледі;

2) оқытудың қосымша түрлері арқылы қосымша құзыреттерді беру ұсынылады;

3) басқа білім беру ұйымдарында микробіліктілік бағдарламалары шеңберінде алынған оқыту нәтижелерін белгіленген тәртіппен тану арқылы қайта есепке алу.

13. Қолданыстағы білім беру бағдарламаларына микробіліктілік бағдарламасын енгізу кезінде сабақ кестесіне енгізуді, ағымдағы бақылауды, аралық және қорытынды аттестаттауды ұйымдастыруды қоса алғанда, басқа пәндерді енгізу шарттарына ұқсас ұйымдастырушылық жағдайларды қамтамасыз ету ұсынылады.

14. Микробіліктілік бағдарламаларын білім беру бағдарламаларының оқу жоспарларына қосымша білім беру бағдарламасы ретінде енгізуді білім алушының білім беру траекториясының мақсаттары мен міндеттерін ескере отырып жүзеге асыру ұсынылады.

15. Микробіліктілік бағдарламаларында қарастырылған дағдылар мен құзіреттерді меңгеруді білім алушылар да, басқа да мүдделі тұлғалар да бейресми білім беруге қатысу арқылы жүзеге асырады.

16. Микробіліктілік бағдарламаларын әзірлеу қорытынды аттестациямен аяқталады, ал одан сәтті өткен студенттерге микробіліктілік беріледі.

17. Білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалау үшін баллдық-рейтингтік әріптік шкаласы негізінде білім, білік және дағдыларды бағалау жүйесін пайдалану ұсынылады. Бұл жүйе білім алушыларға академиялық кредиттер берілетін он оң бағаны («А»-дан «D»-ге дейін), нәтижелерді түзету мүмкіндігімен қайта тапсыруға жататын «FX» бағасын және академиялық кредиттер берілмейтін «F» бағасын қамтиды.

18. Білім беру бағдарламасының оқу жоспарына енгізілген микробіліктілік бағдарламасы бойынша қорытынды бағалауды дипломға қосымшада, ал құзыреттерді бірыңғай Еуропалық дипломның қосымшасында (Diploma Supplement (диплома саплемент) көрсету ұсынылады.

3-тарау. Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің микробіліктілігін тану

19. ЖЖОКБҰ микробіліктілікті тәуелсіз тануды жүзеге асыру ұсынылады. Микробіліктілік беру мақсатында білім алушылардың оқу нәтижелерін бағалау рәсімін жүргізу үшін басшының бұйрығы негізінде Біліктілік комиссиясы (бұдан әрі – Комиссия) құрылады. Комиссия құрамы мамандандырылған кәсіпорындардың білікті мамандары, бейіндік оқу пәндерінің оқытушылары және әкімшілік және басқару персоналының өкілдерінен құрылады.

20. Микробіліктілік бағдарламалары бойынша оқу нәтижелерін тануды:
 1) еңбек қызметін жүзеге асыруға құзыреттілігін растау;
 2) оқуды жалғастыру (немесе одан кейінгі) үшін академиялық кредиттерді аудару үшін жүзеге асыру ұсынылады.

21. Теориялық оқытудың бір академиялық кредитінің бастапқы жүктемесі үшін микробіліктілік бағдарламалары бойынша оқу нәтижелерін тану үшін аудиториялық сабақтар мен студенттің өзіндік жұмысын ескере отырып, 30 академиялық сағатты белгілеу ұсынылады.

22. ЖЖОКБҰ-ға басқа білім беру ұйымдарында немесе жаппай ашық онлайн курстар платформаларында білім алушылар игерген микробіліктілік бағдарламаларының оқу нәтижелерін тануға ұсынылады.

23. Микробіліктілік бағдарламалары бойынша оқу нәтижелерін тану оқу нәтижелерін салыстыру және олардың көлемін академиялық кредиттермен салыстыру арқылы сертификат негізінде жүзеге асырылуы ұсынылады.

24. Микробіліктілік бағдарламалары бойынша оқу нәтижелері ЖЖОКБҰ-ның білім беру бағдарламасының оқу пәнін немесе модулін оқыту нәтижелерімен сәйкес келген жағдайда, оларды қайта тапсыру және білім алушылардың транскриптіне тиісті жазба енгізу ұсынылады.

25. ЖЖОКБҰ-да бейресми білім берумен оқытудың нәтижелерін тану, оны мазмұны мен сәйкестігін бағалау (немесе) бейресми білім беру бағдарламасының мазмұны бойынша оқытудың нәтижелері және (немесе) білім беру бағдарламасының білім алушысы (тыңдаушы) меңгерген оқу пәнін немесе модульді оқыту нәтижелерінің негізінде жүзеге асыру ұсынылады.

26. Микробіліктілік бағдарламасы бойынша оқу нәтижелерін тану үшін өтініш беруші Комиссияның қарауына мынадай құжаттарды ұсынады:

- 1) Комиссия төрағасының атына еркін нысандағы микробіліктілік бағдарламасы бойынша оқу нәтижелерін тану туралы өтініш;
- 2) оқу нәтижелерін растайтын сертификат.

27. Білім беру бағдарламаларының тізілімі ғылым және жоғары білім саласындағы уәкілетті орган айқындайтын оператордың ақпараттық жүйесінде жүргізіледі.

28. Микробіліктілік бағдарламаларын ЖЖОКБҰ-ның веб-сайтында орналастыру және «Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары іске асыратын білім беру бағдарламаларының тізілімін жүргізу қағидаларын, сондай-ақ білім беру бағдарламаларының тізіліміне енгізу және одан алып тастау негіздерін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2022 жылғы 12 қазандағы № 106 бұйрығымен бекітілген білім беру бағдарламаларының тізіліміне енгізу ұсынылады.

4-тарау. Микробіліктілік бағдарламаларының сапасын қамтамасыз ету

29. ЖЖОКБҰ-ға нарықта басқа субъектілердің микробіліктілікті тануын қамтамасыз ету мақсатында микробіліктілік бағдарламаларының сапасын қамтамасыз ету бойынша шаралар қабылдау ұсынылады.

30. Микробіліктілік бағдарламаларының сапасын қамтамасыз ету ESG (Сапаны қамтамасыз ету бойынша еуропалық стандарттар мен нұсқаулықтар) сәйкес ЖЖОКБҰ дербес әзірлеген ішкі сапаны қамтамасыз ету жүйесінің стандарттарына негіздеу ұсынылады.

31. Микробіліктілік бағдарламаларының сапасын қамтамасыз ету кезінде бірқатар негізгі принциптерді ұстану ұсынылады:

1) микробіліктілік бағдарламалары қолданыстағы кәсіби стандарттар мен жұмыс берушінің талаптарын ескере отырып әзірленеді;

2) түлектердің тиісті дағдыларға ие болуы үшін кәсіби орта мен технологиялардың өзгеруіне сәйкес микробіліктілік бағдарламаларының мазмұны жаңартылады;

3) Микробіліктілік бағдарламалары білім алушылардың әртүрлі санаттарын, соның ішінде оқуды жұмыспен біріктіретін білім алушыларға қолжетімділікті қамтамасыз ету үшін икемді оқыту форматтарын (бетпе-бет, онлайн, қашықтықтан оқыту) ұсынады.

32. Сапаны сыртқы бағалау рәімдері микробіліктілік бағдарламаларының белгіленген стандарттарға сәйкестігін растауға және тәуелсіз аудитке негізделген:

1) ЖЖОКБҰ-ға ұлттық немесе халықаралық аккредиттеу агенттіктерінің талаптарына сәйкес микро-біліктілік бағдарламаларын аккредиттеу рәсімінен өту ұсынылады. Аккредиттеу бағдарлама мазмұнының жоғары сапасын және олардың стандарттарға сәйкестігін растайды;

2) Бағдарламаның мазмұнын, оқыту әдістерін және білім алушылардың қол жеткізген нәтижелерін кейіннен тексере отырып, сыртқы бағалауды өткізуге тәуелсіз сарапшылар мен жұмыс берушінің өкілдері тартылады. Аудит нәтижелері бойынша бағдарламаны жетілдіру бойынша ұсыныстар беріледі;

3) Салалық қауымдастықтармен және кәсіби қоғамдастықтармен әріптестік ЖЖОКБҰ-ға кәсіби стандарттардағы өзгерістер мен жұмыс берушілердің қажеттіліктерін ескеруге мүмкіндік береді.

33. Микробіліктілік бағдарламаларында сапаның жоғары деңгейін қамтамасыз ету үшін микробіліктілік бағдарламасының мақсаттарына және әзірленетін құзыреттер тізбесіне сәйкес бағалау әдістерін әзірлеу ұсынылады. Бағалау кезінде біліктілік емтихандарын, тәжірибелік демонстрацияларды және жобаның орындалуын енгізу ұсынылады.

Микробіліктілік бағдарламаларын
 әзірлеу, іске асыру және тану жөніндегі
 әдістемелік ұсынымдарға қосымша

Білім беру бағдарламаларының тізіліміне енгізу туралы өтінім

1.	Жоғары және/немесе жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымының атауы
2.	Микробіліктілік бағдарламасының атауы
3.	Бағдарламаның мақсаты (қысқа, нақты және білім алушылар алған оқу нәтижелерін синергетикалық біріктіру ұсынылады)
4.	Оқыту формасы (офлайн және/немесе онлайн)
5.	Ұлттық біліктілік шеңберінің деңгейі
6.	Аккредитацияның болуы (<i>аккредитацияның болуы және түрі көрсетіледі: ұлттық институционалдық және/немесе бағдарламалық аккредиттеу немесе EQAR, ENQA немесе аккредиттеу ұйымдарының ұқсас ресми тізілімдерінің мүшесі болып табылатын танылған агенттік берген халықаралық аккредитация</i>)
7.	Академиялық кредиттердегі жалпы жүктеме (немесе сағат)
8.	Оқыту тілі
9.	Кәсіби стандарт негізінде әзірленген (<i>бар болса, біліктілік жөніндегі уәкілетті орган немесе салалық кеңес бекіткен нақты атаулы кәсіптік стандарт көрсетіледі; ол болмаған жағдайда «еңбек нарығының қолданыстағы талаптарына және тиісті еңбек функцияларында айқындалған біліктілікке сәйкес» көрсетіледі</i>)
10.	Қалыптасқан оқу нәтижелері



БҰЙРЫҚ

23 шілде 2025 года
Астана қаласы

ПРИКАЗ

№ *319*
город Астана

**Об утверждении Методических
рекомендаций по разработке,
реализации и признанию программ
микровалификаций**

В соответствии с пунктом 7 Положения о Министерстве науки и высшего образования Республики Казахстан, утвержденного постановлением Правительства Республики Казахстан от 19 августа 2022 года № 580 «О некоторых вопросах Министерства науки и высшего образования Республики Казахстан» **ПРИКАЗЫВАЮ:**

1. Утвердить Методические рекомендации по разработке, реализации и признанию программ микровалификаций согласно приложению к настоящему приказу.
2. Комитету высшего и послевузовского образования Министерства науки и высшего образования Республики Казахстан довести настоящий приказ до сведения организаций высшего и (или) послевузовского образования.
3. Контроль за исполнением настоящего приказа возложить на курирующего вице-министра науки и высшего образования Республики Казахстан.
4. Настоящий приказ вступает в силу со дня его подписания.

Министр



С. Нурбек

Приложение к приказу
Министра науки и высшего
образования
Республики Казахстан
от «23» июня 2025 года
№ 319

Методические рекомендации по разработке, реализации и признанию программ микроквалификаций

Глава 1. Общие положения

1. Методические рекомендации по разработке, реализации и признанию программ микроквалификаций (далее – Методические рекомендации) разработаны для организаций высшего и (или) послевузовского образования (далее – ОВПО) и предназначены для реализации ОВПО программ микроквалификаций.

Методические рекомендации носят рекомендательный характер.

2. В Методических рекомендациях используются следующие термины и определения:

1) Европейская система трансферта (перевода) и накопления кредитов (ECTS (еситиэс)) – способ перевода кредитов, полученных студентом за рубежом, в кредиты, которые засчитываются для получения ими степени по возвращении в свою организацию образования, а также накопления кредитов в рамках образовательных программ;

2) наращиваемые степени (Stackable degree (стакэбл дегри)) – совокупность навыков и компетенций из различных областей или сфер профессиональной деятельности, полученных через формальное и неформальное образование;

3) микроквалификация – это объем знаний, навыков и компетенций, достаточный для выполнения одной отдельной трудовой функции по профессиональному стандарту (или в рамках соответствующей профессии), полученный за период краткосрочного обучения.

3. Основной задачей Методических рекомендаций является обеспечение практической реализации программ микроквалификаций, ориентированных на

конкретные трудовые функции и профессиональные стандарты, с учётом требований рынка труда и современных образовательных тенденций.

К основным задачам Методических рекомендаций относятся:

1) установление методических и организационных основ для создания и реализации программ микроквалификаций, включая определение структуры, содержания и результатов обучения;

2) обеспечение приведения программ микроквалификаций в соответствие с действующими требованиями рынка труда и утверждёнными профессиональными стандартами;

3) поддержка гибких и индивидуализированных траекторий обучения через накопление и объединение микроквалификаций (Stackable degree (стакэбл дегри));

4) повышение качества краткосрочного образования путём определения критериев оценки эффективности реализации программ микроквалификаций;

5) содействие интеграции микроквалификаций в Национальную рамку квалификаций и Европейскую систему перевода и накопления кредитов (ECTS) для обеспечения сопоставимости и признания полученных квалификаций на национальном и международном уровнях.

4. ОВПО, реализующие программы микроквалификаций, рекомендуется включать образовательные программы в стандарты внутреннего обеспечения качества. Указанные стандарты отражают следующие положения:

1) программы проходят процедуру внутренней экспертизы, в ходе которой оценивается соответствие их содержания, целей и ожидаемых результатов обучения установленным стандартам. Утверждение программ осуществляется соответствующим коллегиальным органом (учёный или методический совет);

2) рекомендуется внедрение систем текущего контроля, промежуточной и итоговой аттестации обучающихся. Методы оценки разрабатываются в соответствии с критериями, определёнными для каждой программы, и адаптируются для оценивания достигнутых результатов обучения;

3) регулярный сбор обратной связи от обучающихся и работодателей позволяет оценивать качество программы с точки зрения её актуальности, востребованности и эффективности. Внесение изменений на основе отзывов способствует поддержанию программы на высоком уровне;

4) обеспечивается регулярное повышение квалификации преподавателей и привлечение практикующих специалистов, с целью обмена опытом, последними профессиональными наработками и адаптации содержания программы к новым требованиям рынка труда.

5. При обеспечении качества программ микроквалификаций рекомендуется придерживаться следующих ключевых принципов:

1) программы микроквалификаций разрабатываются с учетом актуальных профессиональных стандартов и требований работодателей;

2) содержание программ микроквалификаций обновляется в соответствии с изменениями в профессиональной среде и технологиях с целью обеспечения выпускников актуальными навыками;

3) программа микроквалификаций предлагает гибкие формы обучения (очно, онлайн, дистанционно), обеспечивая их доступными для различных категорий, в том числе обучающихся, совмещающих обучение с работой.

Глава 2. Организация разработки и реализация программ микроквалификаций

6. ОВПО рекомендуется разрабатывать программы микроквалификаций совместно с работодателями. Рекомендуется институционализировать деятельность по разработке и актуализации программ микроквалификаций в рамках действующих комитетов (или иных структур), ответственных за содержание образовательных программ.

7. Для реализации указанных подходов ОВПО рекомендуется подать заявку для включения в Реестр образовательных программ микроквалификаций, в соответствии с приложением к настоящим Методическим рекомендациям.

8. Программы микроквалификаций, реализуемые ОВПО рекомендуется разрабатывать как автономные, самостоятельные образовательные продукты, не входящие в состав основных образовательных программ, а также встраиваемые в действующие образовательные программы в формате модулей или учебных единиц. Форма реализации определяется целевыми установками, содержательной направленностью и требованиями к признанию результатов обучения.

9. Структура программы микроквалификации включает наименование, цель, наименование присваиваемой микроквалификации, содержание (учебно-тематический план), трудоёмкость в академических кредитах и/или часах, стратегии и методы преподавания и обучения.

10. В зависимости от установленной трудоёмкости, программы микроквалификации рекомендуется формировать из одной или нескольких дисциплин, курсов или модулей. Рекомендуемый минимальный объём составляет один академический кредит.

11. Для обеспечения качества содержания программы микроквалификации осуществляется её внутренняя и внешняя оценка. Рекомендуется ОВПО проводить внутреннюю оценку качества содержания программы, а внешнюю оценку представителям работодателей и экспертам, не являющимся сотрудниками ОВПО и обладающим соответствующей

квалификацией, опытом в профессиональной сфере и (или) экспертизой в области оценки образовательных программ.

12. Рекомендуется реализовывать программы микроквалификаций ОВПО для обучающихся в данной ОВПО, обучающихся из иных ОВПО, а также для работников сторонних организаций на основе договорных обязательств.

Программы микроквалификаций применяются в системе высшего и послевузовского образования посредством:

1) включения в учебные планы образовательных программ ОВПО при условии соответствия результатов обучения. В таком случае программы микроквалификаций включаются в цикл базовых или профилирующих дисциплин;

2) предоставления дополнительных компетенций за счет дополнительных видов обучения;

3) перезачёта результатов обучения, освоенных в рамках программ микроквалификаций в других организациях образования, путём их признания в установленном порядке.

13. При включении программы микроквалификации в действующие образовательные программы рекомендуется обеспечивать организационные условия, аналогичные условиям реализации других дисциплин, в том числе включение в расписание учебных занятий, организацию текущего контроля, промежуточной и итоговой аттестации.

14. Включение программ микроквалификаций в учебные планы образовательных программ в качестве дополнительной образовательной программы рекомендуется осуществлять с учётом целей и задач образовательной траектории обучающегося.

15. Освоение навыков и компетенций, предусмотренных программами микроквалификаций, осуществляется как обучающимися, так и иными заинтересованными лицами посредством участия в неформальном образовании.

16. Освоение программ микроквалификаций завершается итоговой аттестацией и успешно прошедшим ее обучающимся – присвоением микроквалификации.

17. Рекомендуется использовать систему оценивания знаний, навыков и компетенций, основанную на балльно-рейтинговой буквенной шкале оценки учебных достижений обучающихся. Данная система включает десять положительных оценок (от «А» до «D»), при которых обучающимся засчитываются академические кредиты, оценку «FX», подлежащую передаче с возможностью корректировки результатов, а также оценку «F», при которой академические кредиты не засчитываются.

18. Рекомендуется указывать итоговую оценку по программе микроквалификации, входящей в учебный план образовательной программы, в приложении к диплому, а компетенции — в общеевропейском приложении к диплому (Diploma Supplement (диплома саплемент)).

Глава 3. Признание микроквалификаций высшего и послевузовского образования

19. ОВПО рекомендуется осуществлять самостоятельное признание микроквалификаций. Для проведения процедуры оценивания результатов обучения обучающихся с целью присвоения микроквалификации создаётся Квалификационная комиссия на основании приказа руководителя (далее – Комиссия). Состав Комиссии формируется из числа квалифицированных специалистов профильных предприятий, преподавателей профилирующих учебных дисциплин и представителей административно-управленческого персонала.

20. Рекомендуется осуществлять признание результатов обучения программ микроквалификаций, в целях:

1) подтверждения компетенции для осуществления трудовой деятельности;

2) перезачета академических кредитов для продолжения (или последующего) обучения.

21. Для признания результата(ов) обучения программ микроквалификаций за исходную трудоёмкость одного академического кредита теоретического обучения, с учётом аудиторных занятий и самостоятельной работы обучающегося, рекомендуется устанавливать 30 академических часов.

22. ОВПО рекомендуется признавать результаты обучения программ микроквалификаций, освоенные обучающимися в других организациях образования или на платформах массовых открытых онлайн-курсов (МООК).

23. Признание результатов обучения программ микроквалификаций рекомендуется осуществлять на основе сертификата путём сопоставления результатов обучения и соотнесения их объёма с академическими кредитами.

24. В случае совпадения результатов обучения программ микроквалификаций с результатами обучения учебной дисциплины или модуля образовательной программы ОВПО, рекомендуется осуществлять их перезачет и соответствующую запись в транскрипт обучающегося.

25. Признание результатов обучения неформального образования в ОВПО рекомендуется осуществлять на основании оценки соответствия содержания и (или) результатов обучения программы неформального образования содержанию и (или) результатам обучения учебной дисциплины или модуля, осваиваемой обучающимся (слушателем) образовательной программы.

26. Для признания результата(ов) обучения программы микроквалификации претендент предоставляет на рассмотрение Комиссии следующие документы:

1) заявление о признании результатов обучения программы микроквалификации в произвольной форме на имя председателя Комиссии;

2) сертификат, подтверждающий результат(ы) обучения.

27. Реестр образовательных программ ведётся в информационной системе оператора, определенного уполномоченным органом в области науки и высшего образования.

28. Программы микроквалификаций рекомендуется размещать на сайте ОВПО и вносить в Реестр образовательных программ согласно утвержденному приказу Министра науки и высшего образования Республики Казахстан от 12 октября 2022 года № 106 «Об утверждении Правил ведения реестра образовательных программ, реализуемых организациями высшего и (или) послевузовского образования, а также основания включения в реестр образовательных программ и исключения из него» (зарегистрирован в государственной регистрации нормативных правовых актов под номером № 30139).

Глава 4. Обеспечение качества программ микроквалификаций

29. В целях признания микроквалификаций другими субъектами рынка ОВПО рекомендуется принять меры по обеспечению качества программ микроквалификаций.

30. Обеспечение качества программ микроквалификаций рекомендуется основывать на стандартах системы внутреннего обеспечения качества, разработанных ОВПО самостоятельно в соответствии с ESG (Европейские стандарты и рекомендации по обеспечению качества).

31. При обеспечении качества программ микроквалификаций рекомендуется придерживаться ряда ключевых принципов:

1) программы микроквалификаций разрабатываются с учётом актуальных профессиональных стандартов и требований работодателей;

2) содержание программ микроквалификаций обновляется в соответствии с изменениями в профессиональной среде и технологиях, чтобы выпускники обладали актуальными навыками;

3) программы микроквалификаций предлагают гибкие формы обучения (очно, онлайн, дистанционно), с целью обеспечения доступа к различным категориям обучающихся, включая тех, кто совмещает обучение с работой.

32. Процедуры внешней оценки качества основаны на независимом аудите и подтверждении соответствия программ микроквалификаций установленным стандартам:

1) ОВПО рекомендуется проходить процедуру аккредитации программы микроквалификаций в соответствии с требованиями национальных или международных аккредитационных агентств. Аккредитация подтверждает высокое качество содержания программ и их соответствие стандартам;

2) независимые эксперты и представители работодателей привлекаются для проведения внешней оценки с последующей проверкой содержания

программ, методики обучения и результатов, достигаемых обучающимися. По результатам аудита выдаются рекомендации по улучшению программы;

3) партнёрство с отраслевыми ассоциациями и профессиональными сообществами позволяет ОВПО, учитывать изменения в профессиональных стандартах и запросы работодателей.

33. Для обеспечения высокого уровня качества в программах микроквалификаций рекомендуется разрабатывать методы оценки в соответствии с целями программы микроквалификаций и перечнем формируемых компетенций. В оценку рекомендуется включать квалификационные экзамены, практические демонстрации и выполнение проектов.

Приложение к Методическим
рекомендациям по разработке,
реализации и признанию
программ микроквалификаций

Заявка для включения в Реестр образовательных программ

1.	Наименование организации высшего и/или послевузовского образования
2.	Наименование программы микроквалификации
3.	Цель программы (рекомендуется сформулировать лаконично, конкретно и синергетически объединять результаты обучения, которые приобретаются обучающимися)
4.	Форма обучения (офлайн и/или онлайн)
5.	Уровень по национальной рамке квалификаций
6.	Наличие аккредитации (<i>указывается наличие и тип аккредитации: национальная институциональная и/или программная аккредитация, либо международная аккредитация, выданная признанным агентством, входящим в EQAR, ENQA или аналогичные официальные реестры аккредитационных организаций</i>)
7.	Общая трудоемкость в академических кредитах (или часах)
8.	Язык обучения
9.	Разработана на основе профессионального стандарта (<i>при наличии — указывается конкретный наименованный профессиональный стандарт, утверждённый уполномоченным органом либо отраслевым советом по квалификациям; при отсутствии — указывается "в соответствии с актуальными требованиями рынка труда и квалификациями, определёнными в соответствующих трудовых функциях</i>)
10.	Формируемые результаты обучения